



БҰЙРЫҚ

2019 ж. 19 сәуір

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *155*

город Астана

«Diploma Supplement» толтыру
жөніндегі әдістемелік
ұсынымдарды қабылдау
туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 37-тармағына және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 64-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Diploma Supplement» толтыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Ә.Ж. Тойбаев) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ф.Н. Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің
міндетін атқарушы



Э. Суханбердиева